

ГАЗ АЛМАСУ МЕХАНИЗМІНІҢ БҰЗЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ:

Механикалық түрі. Жоғары тыныс жолдарының бітелуі (тілмен бітелу, жіті эпиглоттит, ларингоспазм, жіті ларинготрахеит, көмей мен кеңірдекте бөгде заттар) және төменгі тыныс жолдарының бітелуі (жіті эндобронхит, жіті бронхиолит, жүрек жетіспеушілігі, бронхтарда бөгде заттар) мен бірнеше қабырғалардың сынуы кезінде тыныс алу механикасының бұзылуы.

Таралу-диффузиялық түрі. Оның дамуы альвеола қабаты арқылы газдың таралуы мен диффузиясының бұзылуына (өкпе ісінуі, ателектаз, альвеолит, бензинмен, керосинмен улану) байланысты.

Желдету түрі. Себептері: кеуде қуысының даму ақаулары, әртүрлі этиологиялы комалар, бассүйек мидың жарақаты, менингит, энцефалит, уланулар, рестриктивті бұзылыстар.

Аралас түрі. Оның себебі: тыныстың тоқтауы, барлық ЖТЖ түрлерінің ауыр дәрежелері, пневмония, пневмоторакс, пио- және гидроторакс, ателектаз, фосфоорганикалық заттармен улануы.

ЖТЖ негізгі белгілері

Гипоксия

Гиперкапния

3 сатыға бөлінеді:

I сатысында науқастар қозғыш, бас ауруына шағымданады. Бірінші клиникалық белгі – еңтігу. Сонымен бірге терінің бозаруы мен ылғалдануы, шырышты қабаттар мен терінің көгеруі, дене қызуының төмендеуі, тахикардия, АҚ-ның жоғарылауы болады, гипокапния еңтігу салдарынан компенсаторлы болады.

II сатысында есінің бұлыңғырлануы, қозғалыс қозғыштығы, айқын цианоз, тұрақты жоғарғы АҚҚ, тырысу мен еріксіз зәр шығару болуы мүмкін.

III сатысында терінің көгеруі мен мәрмәрлануы, тырысулар, қарашықтардың кеңеюі, жүрек соғысының бұзылуы, АҚҚ күрт төмендеуі, команың пайда болуы байқалады.

<i>Клиникалық көрінісі</i>	<i>ТЖ 1 дәрежесі</i>	<i>ТЖ 2 дәрежесі</i>	<i>ТЖ 3 дәрежесі</i>
1	2	3	4
Есі	Сақталған, кейде қозу	Қозу	Тежелу, сопор
Физикалық белсенділігі	Сақталған	Шектелген	Күрт төмендеген, мәжбүр қалып
Тыныс жиілігі	Қалыпты немесе 30 % дейін жиілеген	Айқын эспираторлы ентігу 30-50%-н жоғары	Аралас айқын ентігу 50% астам немесе бардипноэ
Қосалқы бұлшықеттердің тыныс алуға қатысуы	Айқын емес	Айқын	Өте айқын
Тері жамылғылары	Бозарған, физикалық күштемелерде – мұрын үшбұрышы мен көзайналасында цианоз	Бозарған, мұрын үшбұрышы мен көзайналасында цианоз	Боз, ақшыл диффузиялық цианоз
Пульс	Қалыпты немесе жиілеген	Жиі	Күрт жиілеген немесе брадикардия
Қан құрамындағы газ мөлшері	Sa O2 қалыпты	Sa O2<95%	Sa O2<90%